


Тақырыбы: Мен ертегі білемін	Мектеп: Егіндікөл №2 орта мектебі	
Күні, айы: 19.02	Мұғалімнің аты-жөні: Амантаева Д.	
Мектепалды сыныбы	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасын а сәйкес оқу мақсаты	0.1.3.1 Лексикалық тақырыптар бойынша жиі қайталанатын сөздердің мағынасын түсіну 0.1.4.1 Қарапайым сұрақтарға ым-ишара (мысалы, затқа немесе суретке нұсқау), сөздер және қысқа фразамен жауап қайтару 0.2.1.1 Лексикалық тақырыптар бойынша сөйлеу барысында жаңа сөздерді қолдану 0.3.1.1 Ақпаратты сурет, иллюстрациядан табу және сәйкестендіру 0.5.1.1 Сөйлеу барысында заттың атауын білдіретін сөздерді қолдану	
Күтілетін нәтиже	Барлық оқушылар: Лексикалық тақырып бойынша жиі қайталанатын сөздердің мағынасын түсінеді, сөйлеу барысында жаңа сөздерді қолдана алады. Қандай да бір ертегі білетінін айта алады, «Піл, керік, қоян» ертегісінің кейіпкерлерін атай алады. Оқушылардың басым бөлігі: Тыңдалған мәтіндегі ақпараттың мазмұнын сурет, сызбанұсқа, белгілер арқылы жеткізе алады. Тірек суреттер арқылы ертегі туралы сұрақ қойып, жауап бере алады. Кейбір оқушылар: Өздері білетін басқа да ертегілерді атай алады.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	ресурстар
Сабақ басы (3 минут)	Оқушылардың дайындығын тексеру. Сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл күй қалыптастырамын. Сабақтың мақсатымен таныстыру.	
Сабақ ортасы (5–20 минут)	<p>Әліппе-дәптермен жұмыс</p> <p>1-тапсырма</p> <p>Сөйлесу үлгісіне аударамын. Осы сөйлесу үлгісі арқылы балалар «Мен ертегі білемін» деген сөйлем үлгісімен танысады.</p> <p>Мен ертегі білемін Қандай ертегі білесіңдер? (Керік, қоян, піл)</p> <p>2-тапсырма</p> <p>Оқушылар «Бұл қандай ертегі?» деген сұраққа сурет бойынша жауап бере алуды жаттығады. Піл, керік, қоян</p> <p>3-тапсырма</p> <p>«Айна» ертегісі.</p> <p>Бір күні орманда кірпі, қоян және керік келе жатады. Олар ағаштардың арасынан бір нәрсенің жылтырағанын көріп, қарамақшы болып барады. Кірпі бірінші болып қарап: «Мынау кім? Өзінің үсті басы тікенек – тікенек, бойы да, құлақтары да кішкентай, мұрны үп – үшкір екен», - дейді.</p> <p>Екінші боп қоян келеді. Ол қарап: «Жоға! Қарасашы оның құлақтары үп – ұзын, өзі үлпілдеген, көздері қызыл, мойыны да қысқа ғой», - дейді.</p> <p>Ең соңғы боп керік келеді. Ол қарап: «Қайдағы мойыны қысқа? Мойыны да, бойы да ұзын, құлақтары кішкентай ғой», - деген екен</p> <p>4-тапсырма</p> <p>Ертегінің кейіпкерлерін бастырып бояу арқылы ертегі кейіпкерлерінің атауларын тағы бір қайталайды, бастыру арқылы қол моторикасын дамытып, графикалық нормаларды сақтауға, түс таңдауға машықтанады.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>5-тапсырмада балалар әже, ертегі, білемін, піл, керік, қоян, қандай? сөздерін тыңдайды, қайталайды. Қазақ тіліне тән қ, ң, ы дыбыстарын қайталайды</p>	<p>Әліппе дәптер.</p> <p>Аудиодиск: 6.2.1; 6.2.3</p> <p>Аудиодиск: 6.2.5</p>

Сабақтың соңы (2 минут)	Сабақты қорытындылау мақсатында балалармен кері байланыс орнатамын. Сабақ барысында нені білгені, қалай жұмыс істегені, не қызық әрі жеңіл болғаны, не қиындық туғызғаны туралы ой-пікірлерін білдіре алады.	
------------------------------------	--	--

